Қазалы ауданы, Қазалы қаласының жергілікті қоғамдастық жиналысының
ХАТТАМАСЫ

Қазалы қаласы **№4** **2025 жыл 25 маусым**
Қазалы қаласының әкімдігі **Сағат: 10:00**

Жиналысқа қатысқандар: Жергілікті қоғамдастық төрағасы С.Мусаев және қоғамдастық мүшелері (тізім бойынша), Қазалы қаласының әкімі Қ.Орынбасаров, Қазалы қаласы әкімі аппаратының қызметкерлері.

Барлығы – қоғамдастық өкілдері 11 адам.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы қаласындағы Ғани Мұратбаев атындағы саябақтағы Қарасақал Ерімбет ескерткішіне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу

Жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағалығына бір ауыздан С.Мусаев, хатшылығына К.Акбердиев сайланды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша:

Жиында Қазалы қаласының жергілікті қоғамдастық төрағасы С.Мусаев жиынды жүргізіп отырып, Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңадан өзгерістер енгізілгенін және Заңдылықтарға сәйкес мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілетіні туралы хабарлама жасады.

Жиналыс төрағасы С.Мусаев Қазалы қаласындағы Ғани Мұратбаев атындағы саябақтағы Қарасақал Ерімбет ескерткішіне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жеделдету туралы қоғамдастық мүшелерінің қарауына ұсынды.

О.Романов (қоғамдастық мүшесі, қала тұрғыны, зейнеткер) – Қазалы қаласындағы Ғани Мұратбаев атындағы саябақтағы Қарасақал Ерімбет ескерткішіне ағымдағы жөндеу кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Қалада елдің, халықтың мәдени мұрасы, монументтік *(мүсін)* өнері ескерткіші болғандықтан тұрғын халықтың келіп кетуіне үлкен қиындықтар тудырады. Оның үстіне Қарасақал Ерімбет ескерткіші Ғани Мұратбаев саябағының келбетін ашарына септігін тигізеді деп ойлаймын. Сондықтан, жоғарыда аталған мән-жайлар кезек күттірмейтін мәселе екендігін ескере отырып, Ғани Мұратбаев атындағы саябақтағы Қарасақал Ерімбет ескерткішіне ағымдағы жөндеу тез арада жүргізу қажет деп есептеймін.

А.Аманов (қоғамдастық мүшесі, қала тұрғыны, зейнеткер) – Қаламыздың аталған Қарасақал Ерімбет ескерткішін ағымдағы жөндеу жұмыстары қажет екендігі өздеріңізге белгілі. Осы Қарасақал Ерімбет ескерткіші өскелең ұрпақтың бойында патриотизм сезімін тәрбиелейтін

объект болып табылады. Сондықтан да, Қарасақал Ерімбет ескерткішін ағымдағы жөндеу, тарихи өткенге деген құрмет сезімін ояту, кезек күттірмейтін мәселе екенін айтқым келеді.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, Қазалы қаласының жергілікті қоғамдастық жиналысы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қала тұрғындарының Қарасақал Ерімбет ескерткішіне келіп кетуінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жоғарыда аталған мәселе кезек күттірмейтін болғандықтан яғни Қазалы қаласындағы Ғани Мұратбаев атындағы саябақтағы Қарасақал Ерімбет ескерткішіне ағымдағы жөндеу жұмыстары тиісті заңдылықтарға сәйкес жедел түрде тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырылсын.

2. Жергілікті қоғамдастық хаттамасының 1 данасы «Қазалы қаласы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тапсырылсын.

Жиналыс барысында айтылған мәселелерді қолдап ашық дауыс бергендер саны – 11. Қалыс қалғандар жоқ.

Қоғамдастық төрағасы: **С.Мусаев**

Хаттама жүргізген: **К.Акбердиев**